Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

16 наурыз сенбі
№22 (2032)
2024 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

30 жыл

ҰЛТТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ АРҚАУ ЕТКЕН ҚҰРЫЛТАЙ

Сурет Ақорданың телеграм каналынан алынды

Марғасқа Махамбет пен айбынды Исатайдың табаны тиген қастерлі топырақ, Ақ Жайықтың жағасын жайлаған қалың елдің ордасы – Атырауда Ұлттық құрылтай өтті. Биыл үшінші мәрте өтіп жатқан алқалы жиын алғашқы жылы ұлт ұясы – Ұлытауда өтсе, былтыр «Ер түріктің бесігі» атанған киелі Түркістан төрінде өткізілген еді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы жиынның Атырауда өткізіліп жатқанының өз мәні бар екенін айтты.

– Ұлы Жібек Жолының бойында тұрған қала бір кездері айрықша геостратегиялық рөл атқарған. Батыс пен Шығыстың экономикалық, саяси, мәдени қарым-қатынасына ерекше ықпал еткен. Атақты хандарымыз осы жерге ордасын тігіп, ел билеген. Бірқатары Сарайшықта мәңгілік мекенін тапқан. Тарихшылардың пайымдауынша, Қазақ хандығын қуатты мемлекетке айналдырған Қасым хан осында жерленген. Бір сөзбен айтсақ, Сарайшық – төл шежіремізде айрықша орны бар киелі шаһар, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-БЕТТЕ

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕГЕН МЕРЕКЕ

Көрісу күні мерекесі күн мен түннің теңелген тұсында қыстың бейнеті мен қиындығынан аман-есен шығып, халықтың Наурыз мерекесі алдында мәре-сәре болатын керемет күн.

2-БЕТТЕ

Наурыз

БАҚЫТҚА БӨЛЕНГЕН КҮН

Республика бойынша аймақтардың ішінде тұрғындарды жайлы баспанамен қамтуда Сыр өңірі көш бастап тұрғанын мақтанышпен айтуға болады. Халқының өсу динамикасымен алдыңғы қатарда тұрған өңірде қоныс тойын тойлаушылар саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Жайлы пәтерге қол жеткізгендер тізімінде көпбалалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі жандар, бірнеше жыл үй кезегінде тұрған жалғызбасты аналар бар. Ұлттың ұлықты Амал мерекесінде облыс тұрғындары баспана алып, ақжолтай қуанышқа бөленді.

2-БЕТТЕ

ҚАРА ШАҢЫРАҚ

ЕРТЕ ТҰРАТЫН АУЫЛ

Қадірлі оқырман! Биыл газетіміздің жарыққа шыққанына – 30 жыл. Осы уақыт ішінде бізбен бірге болып, халықтың көзі, құлағы һәм тілі ретінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқан үдеден шығуымызға атсалысып келесіздер. Біздің қаламымыз арқау еткен әрбір тақырып – халық. Сондықтан бұл жолы да жаңа жобамыз өздеріңізге арналып, «Қара шаңырақ» деп аталды. Осы жоба аясында Қызылорда қаласына қарасты ауылдардың тыныс-тіршілігін тақырып тіні етпекпіз. Ендеше, назарыңыз бізде болсын!

4-БЕТТЕ

ЖЕТІГЕНДЕ ҚАСИЕТ БАР

Не сиқыры бар екен десеңші?! Көнеден жеткен жетігеннен төгілген әуеннің тыңдаушысын арбап, жансарайына бойлап, шаршаған жүйкені дамыл таптыратын бір құдіреті бар. Ендеше, көне аспапты кәсіби тұрғыда дамытып, халыққа оралтқан бір адам болса, онда ол – облыстық филармонияда «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблінің әртісі әрі «Қазанғап» атындағы Қызылорда музыкалық колледжінде мұғалім, халықаралық, республикалық конкурстардың лауреаты Гүлдана Берікқызы.

Біздің кейіпкеріміз Гүлдананың осынау аспапқа қызыққаны сонша, сәбиін жетіген тартып отырып, әлдилеп, бесігіне бөлеп, тербеткен. Көз алдыңызға елестетіп көріңізші, әдемі көрініс емес пе?.. Қазақтың нәзік аруы жетігенді үйреніп, осы кезде көрермен көзайымына айналып жүр.

Жетіген жайлы жұрт әлі толық біле бермейді. Бірақ бұл аспаптың да шығу тарихына үңілсек, ел аузында аңыз бар. Кейіпкеріміздің бұрын әңгімемізді осыдан бастасақ...

3-БЕТТЕ

CNN CNN CNN

КӨКТЕН ЖАУҒАН КӨМЕК

Палестинадағы қақтығыс өршігелі сол аймақтағы халық ахуалы нашарлады. Азық-түлік дағдарысы аштықтың ұлғаюына әкеліп, тұрғындар от пен оқтың ортасында қалды. БҰҰ мен жекелеген мемлекеттер гуманитарлық көмек аттандырғанымен инфрақұрылым нашарлығы әрі Израиль мен Мысыр билігінің қателігінен нәтиже шықпаған. Әсіресе азық-түлік, киім-кешек тиелген мыңдаған жүк көлігі Газа секторына кіре алмай, көрші елдің шекарасында кептелді. Осыдан-ақ құрлық жолын көмек болмасын сезген халықаралық ұйымдар Палестинаға көмектің балама тәсілін ұсынды. Ол – әуе жолы.

Қауіпсіз және жедел жететін әдісті қолдануды алпауыт елдер бастаған еді. Өткен айдан бері Ұлыбритания, Франция, Иордания, Мысыр секілді елдер әуе кемесін аттандырып, Газа жеріне гуманитарлық көмек тастаумен әлек. Әр сапарда құмырсқадай құжынаған халық таласа-тармаса жәшіктерді ашып, көмектерді ақтарысқанын әлеуметтік желіден көп көреміз. Осы орайда CNN арнасының тілшісі Ниам Кеннеди арнайы бағдарлама әзірлеп, әуе жолы арқылы көрсетілген гуманитарлық көмекті талқылаған екен. Оған себеп – гуманитарлық көмек легіне АҚШ-тың қосылуы.

«3-наурыз күні американдық үш С-130 ұшағы Газа секторының шекарасынан ұшып өтті. БҰҰ дерегіне сәйкес, ұшақтар жерге парашют арқылы контейнерлер тастаған. Онда 38 мыңға жуық тамақ өнімі болыпты. Ұшақ өтетін жерді алдын ала хабарлау нәтижесінде тұрғындар азық-түлікті дер кезінде алды. Reuters мәліметінше, қақтығыс аймағында 576 мың адам аштыққа ұшыраған.

Бұған дейін АҚШ президенті Джо Байден 1 наурыз күні гуманитарлық көмек аттандыратынын мәлімдеген болатын. Ол бұл міндеттің АҚШ үшін маңызын айтып, майдан даласындағы халыққа көмек керегін жеткізген», – дейді автор.

Жалпы АҚШ-тың әуе жолы арқылы әскери көмек жіберуі бұрыннан бар практика еді. Мысалы, 2001 жылы әуе күштері Ауғанстан жеріне азық-түлік пен жадынамалар төккен болатын. Оған қоса 2014 жылы «Ислам мемлекеті» ұйымы (Қазақстанда тыйым салынған ұйым. - авт.) Иракта сойқан жасаған кезде де ауызсу мен азық таратқан АҚШ ұшақтары.

БҰҰ ұйымында да аталған тәжірибе бұрыннан бар. Алғаш 1973 жылдан бастап ұйым қақтығыс ошақтарына әуе арқылы гуманитарлық көмек беріп келеді.

Осы уақытқа дейін өзінің арнайы талап-тілегін бекітіп, қауіпсіздікке ереже бекітті. Мысалы, БҰҰ әуеден тастайтын азық-түлік пен дәрі-дәрмек салынған қорапты алты қабат қаптамамен орау шарт. Оған қоса қолдан тігілген қаптың да өзіндік стандарты мақұлданған. Тіпті жүк ішінде қандай зат барын білдіру үшін өзіндік түстер таңдалып, алынған болатын. Мысалы, ақ қап – астық, қызыл қап – дән, көк немесе жасыл арнайы азық-түлік. Міне, ұзақ жыл осы қағидалар сақталғандықтан қауырт кезеңде әуе жолы арқылы көмек беру кең тарады. Мұндай әдісті Палестинаға жыл басында ғана қолдану өзге мәселенің қырын ашуға септеседі.

Мұның бәрін тәптіштеп тізбектеудің себебі бар. Өйткені Газа секторына әуе арқылы көмек беру кезінде бірнеше кедергі шықты. Олар – тұрғындар қауіпсіздігі мен қаржылық шығын.

Гуманитарлық көмек жеткізуге тиіс ұшақ жерден 300-5000 метр аралығында қашық ұшады. Тонналаған салмағы бар жүк құлдилаған сайын салмақ қосатыны тағы бар. Газадағы гуманитарлық көмек алу ережесін сақтамаған аш халық жүк жерге түспей жүгіре жөнеледі. Нәтижесінде аспаннан құлаған ауыр салмақты жүк астында қалып, жан тапсырғандар көбейген.

4-БЕТТЕ

ҰЛТТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ АРҚАУ ЕТКЕН ҚҰРЫЛТАЙ

Дүйім ел көзін қадаған Ұлттық құрылтайда ел мүддесі жолындағы түйткілді мәселелер сөз болып, оның шешілу жолдары айтылып жүр. Биылғы құрылтай да бұл тұғырдан түскен жоқ. Ғылым-білім, өнер-мәдениет, тарих, экономикалық дамудың жаңа қадамдары тәрізді үлкен мәселелер қозғалды. Ел Президенті Ұлттық құрылтай жиындарында көтерілген мәселелердің шешімін тауып жатқанын, ұлт болып ұйысу мақсатындағы іргелі істер жайын сөз етті.

– Біз елдігіміздің негізін қалап, оны ұрпаққа табыстаған бабалар рухына тағзым етеміз. Алайда өткенімен ғана өмір сүретін жұрт өркениетті ел бола алмайды. Ұлт сапасын жақсартамыз десек, бір ел болып жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыруымыз қажет. Құрылтай – ешқашан той тойлап, әңгіме-дүкен құратын жиын болған емес, келешекте де ондай болмайды. Алдыңғы екі отырыста елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерілді. Оның біразы орындалды. Жалпы өзгерістер барлық салада болып жатыр, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда әлемдік деңгейдегі алпауыттармен иық теңестіру үшін алдымен экономикамыз нық болу керегін қадап айтты. Әлбетте, «Алдымен экономика, сонан соң саясат» деген ұғым ғаламдық бәсекеге қабілетті болу бағытында қалыптасса керек-ті. Алдағы уақытта экономикалық тұрғыда айқын мақсат бойынша даму керегін айтқан Президент Үкіметке биыл ауқымды төрт инфрақұрылымдық бастаманы жүзеге асыруға пәрмен берді. Сонымен қатар ол жылу орталықтарының жай-күйіне тоқталды. Бүгінде жұмыс істеп тұрған 55 жылу орталығын толығымен жөндеу керегін айтқан Президент 6,5 мың шақырым инженерлік жүйені жаңғыртып, коммуналдық қызметтің сапасын арттыру керегі күн тәртібінде тұрғанын жеткізді. Баспана мәселесі бас ауруына айналған халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету де Ұлттық құрылтайда қозғалды.

– Баспана – жұрттың тұрмыс сапасын танытатын тағы бір маңызды көрсеткіш. Биыл 1 наурыздан бастап іске қосылған «Отау» ипотекалық бағдарламасы ел ішінде үлкен сұранысқа ие болып отыр. Бұған қоса ауыл және аудан орталығының тұрғындарына арналған жаңа тұрғын үй бағдарламасын қолға алу керек. Бұл ретте әлеуметтік тұрғыда осал топтағы жандар үшін несие өсімі 7 пайыздан аспауы қажет. Сонымен қатар сатып алу құқығымен жалға берілетін баспана санын бірнеше есе көбейтуді Үкіметке тапсырамын. Жеңілдетілген жаңа ипотеканың енгізілуі және жалға берілетін тұрғын үйдің көптеп салынуы құрылыс қарқынын арттырады. Құрылыс саласында жүз мыңдаған отандасымыз адал еңбек етіп жүр. Ең бастысы, бұл бағдарлама баспанаға мұқтаж көптеген адамның үй алуына жол ашады, – деді Президент.

Үнемшілдік – сараңдық емес. Президент айтқан тағы бір мәселе – үнемдеу. Осы ретте жарық пен су мәселесіне де ерекше тоқталған Қасым-Жомарт Тоқаев мұндай түйткілдердің ұлт болашағына тікелей байланысты екенін жеткізді. Ал алдағы екінші дүниежүзілік соғыстың жеңіспен аяқталғанына 80 жылдығына дайындық қазірден басталуы керек екенін жеткізген ол батырлардың ерлігін ұлықтау ұрпақ парызы екеніне баса мән берді. Қоғамдағы тұрмыстық зорлық-зомбылық пен вандализм мәселесі де Президент назарынан тыс қалмады.

– Бурабайдағы Жұмбақтасты, Баянауылдағы Кемпіртасты қараңыздар. Ең жауһар жерлеріміздің сұлулығы шимайдың астында қалып жатыр. Үйдегі лифтіні, ауладағы ойын алаңын, көшедегі аялдаманы қиратудың қандай қисыны бар?! Мұның бәрі – барып тұрған тәртіпсіздік, мәдениетсіздік. Өркениетті елдің әрбір азаматы қоғам мүлкін өз мүлкіндей қорғауы керек. Дүние жүзінде, нақты айтқанда, Жапонияда, Оңтүстік Кореяда, Қытайда, Сингапурда жағымды мысалдар көп, осы елдер көпке үлгі болып отыр. Ал біз неге олардан кем болуымыз керек? – деді Президент.

Ұлттың болашағына залал тигізер жат әдеттер ел басшыларының назарында болуы керек. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі жүру керегін айтты.

– Алдымен, есірткі саудасы, соның ішінде синтетикалық есірткі айналымы. Өкінішке қарай, бұл індет жаппай белең алып барады. Тек былтырдың өзінде есірткіге қатысты 7,5 мыңнан астам қылмыс анықталды. Заңсыз айналымнан 41 тонна есірткі алынды. Нашақорлық, әсіресе, балалар арасында тез таралып, жастарымыз уланып жатыр. Есірткімен күрес белсенді жүргізілмесе, ертең бәрі кеш болуы мүмкін. Қазір есірткі сатқан қылмыскер қатаң жазаға тартылады. Менің ұсынысым: есірткі заттарын өндіретін адамдардың жазасын барынша қатайту керек. Оны ең ауыр қылмыстарға теңестіру қажет. Парламентті бұл бастаманы қолдауға шақырамын», – деп атап өтті Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Алтай мен Атырау арасындағы ұланғайыр атырапта қазақты өрге сүйреген талай алыптар жатыр. Сарайшықта – Қасым хан, Бурабайда Абылай хан орда тіксе, Сарыарқаның салқын самалына тербелген ерке Есілдің бойында Кенесары хан қазақтың болашағы үшін күресті. Сондықтан тәуелсіз қазақ жерінің қай түкпірінің де маңызы жоғары екенін атап өткен Президент Ұлттық құрылтай төртінші отырысын Көкшетауда өткізуді ұсынды.

Дәулет ҚЫРДАН

Басы 1-бетте

БАҚЫТҚА БӨЛЕНГЕН КҮН

Мерейлі мереке құрметіне облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласына қарасты Тасбөгет кентінде 134 отбасыға тұрғын үй кілтін табыстап, жиылған жұртшылықты Амал мерекесімен құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жәрдем береді», – деп атап өткен болатын.

Халықты баспанамен қамту еліміз үшін негізгі басымдықтың бірі десек, өңірде бұл бағытта тындырымды тірліктер атқарылуда. Өткен жылы аймақта 4 108 пәтерлік 300 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді, 2400-ге жуық пәтер табысталып, 11 мыңнан астам тұрғынның баспана мәселесі шешімін тапты. Халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруы, жайлы өмір сүруінің кепілі болып саналатын баспанамен қамту жұмыстары биыл да қарқынды жүруде. Бюджет қаражаты есебінен 14,3 млрд теңгеге 1890 пәтерлік 70 тұрғын үй салынады. Оның 16-сы жеті қабатты болады. Жыл басында Тасбөгет кентінде 38 отбасы баспаналы болса, бүгін міне, 134 отбасы қоныс тойын тойлайды. Бұл – мемлекеттің тұрғындарды қолдауының нақты көрінісі, – деді аймақ басшысы.

Салтанатты шарада көпбалалы ана Феруза Әбжанова қоныстой иелерінің алғысын жеткізсе, еңбек ардагері Төлеш Әлиев ақ батасын берді. Шарада өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан кент тұрғындары мен құрылысты сапалы салуға атсалысқан мердігер мекеме қызметкерлері марапатталды.

Г. ҚОЖАХМЕТОВА

Басы 1-бетте

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕГЕН МЕРЕКЕ

Бұл күн қол алысып, көрісумен ғана өлшенбейді. Адамдар арасындағы бұрынғы өкпе-реніш кешіріліп, араздық ұмытылады. Жақын адамдар бір-біріне саулық тілейді. Көрісу – ағайын мен туыс арасындағы байланысты бекітетін тамаша дәстүр. Яғни бұл күн көктемге аман-сау жеткен халықтың тілек айтып, бір-бірімен қауышатын сәті. Көрісу күнінде адам адаммен, жыл жылмен көрісіп, мәре-сәре болады. Имандылыққа, жақсылыққа негізделген мереке үлкен мен кіші арасында сыйластық, сыпайылық орнатады.

Осындай мұсылман халқының ұлық мерекесіне орай «Достық» аллеясында салтанатты шара өтті.

Ізгілікке толы салтанатты шараға қала әкімі Серік Қожаниязов қатысып, көпшілікті Амал мерекесімен құттықтады.

– Ұлт ойшылы Мәшһүр Жүсіптің өзі 14-ші наурызды көктемнің алғашқы күні деп, «Наурызнама» мейрамының тойлануын жазған. Бізде де биыл еліміз бойынша 14-23 наурыз аралығында Наурызнаманың онкүндігі аталып өтіледі. Осы уақыт аралығында әр күнге ерекше атау беріліп, салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз жан-жақты дәріптеледі және ол дәстүрге айналады. Міне, бүгін сол дүбірлі тойдың беташар сәті» – дей келе, «Оразамыз қабыл болып, Амалдан амалға аман-есен жете берейік!» – деген тілегін жеткізді.

Бұл шараға қалалық мәслихаттың төрағасы Ибадулла Құттықожаев, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми зерттеу институты басқармасының төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаев және қала ардагерлері арнайы қатысты.

Бүгінгі мерекелік мезіреттің ерекшелігі ұлттық нақышпен өрнектелген киіз үй тігіліп, қонақтарға қазақы дәстүрмен ұлттық дәм ұсынылды. Ұлттық құндылықты дәріптейтін ойын ойнап, бір топ жігіттер мереке көркін кіргізді. Кимешек киген кейуаналар мен сәні мен салтанаты жарасқан жастар сызылта ән салды. Көктем көркі тал отырғызу рәсімі өтті.

Өнерпаздардың концерттік бағдарламасымен қатар бүлдіршіндердің тұсауын кесу рәсімі жасалып, қала әкімінің атынан қос бөбекке тарту-таралғы жасалды. Қоғам қайраткері Болатбек Пұсырман батасын берді.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

Қалалық мәслихаттың жақында өтетін сессия отырысында «Қызылорда қаласы мен ауылдық елді мекендерде бұқаралық спортты дамыту және қолдау туралы» мәселесі қаралады. Соған орай аталған мәселені алдын-ала зерделеу мақсатында құрылған уақытша комиссия жұмысының аясында депутаттар бірқатар спорт нысандарының жай-күйімен танысып, аралағанды жөн көрді. Комиссия жұмысына қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев жетекшілік етті.

СПОРТҚА ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАЖЕТ

Қалаға дербес спорт ғимараты қажет

Халық қалаулылары аралауды қаладағы спорт нысандарынан бастаған себебі бұл жақта шешімін таппай тұрған мәселелер баршылық. Депутаттар назарындағы нысан қаладағы мәдениет және спорт бөліміне қарасты Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубында спорттың 13 түрінен үйірме ұйымдастырылып, 1396 жасөспірім мен қала тұрғындары шұғылданып келеді.

Кездесу барысында спорт клубының жетекшісі палуан, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Жамал Бозова клубтың жетістіктерін атап өтіп, шешімін табуды қажет ететін мәселелерді ортаға салды. Мұндағы басты мәселенің бірі – қалалық деңгейде дербес спорт ғимараты қажет. Қажымұқан спорт клубының ғимараты көпқабатты үйдің астыңғы қабатында орналасқандықтан жылу мәселесіне қатысты тұрғындармен келіспеушіліктер орын алып тұрады. Бұл мәселені жою үшін аталған ғимаратқа жылу элеваторын және жылу есептеуіш құралын орнату жылу шығындарын азайтады дейді мамандар. Сонымен қатар спортшылардың республикалық, халықаралық жарыстарға шығуын қаржыландыру мәселесі де назар аударуды қажет етеді.

Депутаттар барған келесі нысан – Абай даңғылындағы №47 А, Б, В көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларында орналасқан ашық спорт-ойын алаңы. Аталған нысанға өткен жылы «Қыран» компаниясы демеушілік есебінен абаттандыру жұмыстарын жүргізіп, аулаішілік жолдарын асфальттап, балалар ойын алаңын салып, құрылғылар орнатқан. Ендігі кезекте аталған нысанды күтіп ұстап, қалалық мәдениет және спорт бөлімінің спорт нұсқаушыларын бекіте отырып, тұрғындардың спортпен шұғылдануына қолайлы жағдай жасау қажеттігі айтылды.

Мүмкіндігі шектеулі спортшылардың мәселесі

Сонымен бірге 2019 жылдан осы кезеңге дейін «Тарлан» спорт кешенінде Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубының пара пауэрлифтинг бөлімшесі мүгедектігі бар жандарды қолдау мақсатында тегін жаттығу жұмыстарын жүргізіп келген. 2023 жылдың желтоқсан айынан бастап, «Тарлан» спорт кешенінде туындаған қаржылық қиындықтарын ескерте отырып, биылдан бастап мүгедектігі бар азаматтардың жаттығу залы ақылы негізге өтетіні белгілі болды. Ел намысын қорғаған спортшылардың жаттығатын орын мәселесі алдағы уақытта шешімін табуды және жаттығу залына заманауи спорттық құрал жабдықтар қажет екені талқыланды.

Комиссия отырысында не қаралды?

Депутаттық аралау жұмысы қалалық мәслихатта уақытша комиссия отырысына жалғасты. Оған облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы мен облыстық спорт мектептері мен қалада орналасқан жеке спорт нысандарының жауапты өкілдері, қаладағы колледждер мен кәсіптік мектептер өкілдері, қалалық бөлім басшылары мен кент және ауылдық округ әкімдері қатысты.

Жиында спорт саласының өзекті мәселелері ортаға салынды. Комиссия отырысы барысында қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаев тұрғындармен бірлесіп, ашық спорт ойын алаңдарын салуды «Халық қатысатын бюджет жобасына» енгізу, елді мекендерден шыққан спортшыларды насихаттау, қала көлемінде жұмыс істейтін спорт нұсқаушыларының жыл көлемінде үздіксіз қызмет атқаруы үшін қаржылық мәселелерін түбегейлі шешуді ұсынды.

Өз кезегінде қалалық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Жағыпар Тәжмаханов өзекті мәселелерді шешу бағытында атқарылып отырған жұмыстарды ортаға салды. Мәжілісте көтерілген ұсыныстар мен пікірлер биылғы наурыздың соңғы онкүндігінде өтетін қалалық мәслихаттың кезекті сессиясына қаралатын болады.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Суреттер қалалық мәслихаттың баспасөз қызметінен алынды

ӨНЕР ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫҢЫЗ БА?

Бейбарыс сұлтан көшесінің бойында жақында жаңадан зәулім ғимарат ел игілігіне пайдалануға берілді. Бұл қай ғимарат десеңіз, өнер орталығы. Аты айтып тұрғандай, өнер ордасында өңірдің тек өнерлілері жиналған.

Расында, қыдыр дарып, бақ қонған Сыр елі қашаннан хас таланттарды тоғыстырған өнегелі өңір. Жыр елі атанған бұл өлкеде жақында тағы бір мәдени-рухани орталықтың сән-салтанатпен ашылғаны белгілі. Сол сәтті барлық БАҚ өкілдері жазды. Елдегі қуанышты халыққа жеткізді.

Ашылу салтанатында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сөз сөйлеп, орталыққа жоғары бағасын берген еді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ұлт мәдениеті – халық өмірінің айнасы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты. Азаматтарымыздың рухы әрқашан биік болуы үшін мәдениетімізге, яғни руханиятымызға баса мән бергеніміз жөн» деген болатын. Сыр өңірі – шежіре тұнған, халықтың асыл мұралары сақталған алтын көмбелі мекен, қазақ театрының алғашқы қазығы қағылған жер. Аймағымыздың киелі сахнасынан мәдениет майталмандары мен өнер тарландары түледі.

Қызылордада осындай өнер ордасына қажеттілік заман үдерістері мен көрермен талғамына сәйкес туындады. Аз ғана уақыттың ішінде құрыш қолды құрылысшыларымыздың кәсіби шеберлігі арқасында көз алдарыңызда сәні мен сәулеті келіскен өнер орталығы бой көтерді. Өнер орталығы – еліміздің рухани қазынасын толтыруға, мәдениеті мен өнерін асқақтатуға қызмет ете берсін, – деген болатын аймақ басшысы.

ЖАҢА СЕРПІЛІСПЕН ЖҰМЫСТЫ БАСТАП КЕТТІК

Бұл – облыстық филармония басшысы Талғат Мақаштың сөзі. Жаңадан ашылған орталық жұмысын қалай бастады? Жалпы өнер иелері отыратын ғимараттың жай-күйі қалай? Осы мақсатта өнер орталығына барып, ұжымымен тілдесіп, рухани орданың аурасын сезініп, қайттық.

Айта кетсек, өнер орталығының іргетасы 2022 жылдың қыркүйек айында қаланды. Құны 3,7 млрд теңгені құрайтын зәулім ғимаратта симфониялық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдарламалар, түрлі форматтағы қоғамдық іс-шаралар өткізіледі.

Әсем ғимаратқа қоныстанған облыстық филармония басшысы Талғат Мақаш бізді қарсы алды. Қазақ бір-біріне жылы сөзін арнаған емес пе... Осы сәтте біз де «қоныстарыңыз құтты болсын!» деген тілегімізбен әңгімемізді бастадық.

– Ақ тілектеріңізге рахмет! Расында, біздің ұжым жаңа ғимаратта жаңаша серпіліспен жұмысын бастап кетті. Осындай үлкен шаңыраққа қол жеткізуімізге қолдау білдірген аймақ басшысына ризашылығымыз мол.

Негізі өңіріміздегі өнер ордасының бірі – Қызылорда облыстық филармониясының тарихы Нартай Бекежановтың есімімен тығыз байланысты. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің алғашқы онкүндігінен елге оралысымен Нартай ақын елдегі ақын-жыршылар мен әнші-күйшілердің басын біріктіріп көркемөнерпаздар үйірмесін ашады. Кейін осы үйірме үлкен ансамбльге, кейін облыстық филармонияға айналды, – деді Талғат Бақытбекұлы.

Жалпы облыстық филармония 1972 жылы 16 қарашада Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің №253 бұйрығы негізінде құрылып, өз жұмысын 1973 жылдың қаңтарынан жүргізе бастады. 1972 жылдың аяғына дейін Қызылорда облысының аумағында өткізілетін концерттердің барлығын Шымкент қаласындағы эстрадалық-концерттік бюро ұйымдастырып отырды. Филармония сол кезеңде «Қазақконцерт» бірлестігіне тікелей бағынып, облыстық мәдениет басқармасы басшылық жасады.

Басы 1-бетте

Алғашқы жылдары сазгер Тәңірберген Қалауов жетекшілік етіп, сол тұста «Сыр күмбезі» фольклорлық ансамблі, «Ақтолқын» эстрадалық ансамблі жұмыс істеді. Фольклорлық ансамбльге белгілі жыршы-термеші Ақмырза Тұяқбаев, әнші Фатима Төлегенова, ал эстрадалық ансамбльге Қиынбай Сақтағанов жетекшілік еткен.

– Қазір Қызылорда облыстық филармониясында 8 өнер ұжымы – Тұрмағамбет атындағы халық аспаптары оркестрі, «Сыр самалы» вокалды-аспапты, «Томирис» би, «Ақмешіт» фольклорлық ансамбльдері, камералық оркестр, «Тұран» триосы, «Әдемі» балалар музыкалық театр студиясы, «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблі бар. Сыр елінің өнері мен мәдениетін алыс-жақын шетелдерге таныстыру, насихаттау бағытында филармония ұжымы Түркия, Өзбекстан, Ресей, Татарстан, Босния-Герцеговина елдері мен АҚШ-тың Нью-Йорк, Вашингтон, Біріккен Араб Әмірлігінің Әбу-Даби қалаларында өнер көрсетіп, еліміздің мәдени мәртебесін әлем сахналарында асқақтатып келеді. Өнер иелерінің әлі де алда алар асулары биік, мен оған сенімім мол, – деген филармония басшысы әріптестеріне қолдау білдірді.

Әріптестер демекші, бұл орталықта бүгінде үш жүзден аса қызметкер жұмыс істесе, оның ішінде 32 қызметкер мемлекеттік наградамен марапатталған.

КӨРЕРМЕН ЗАЛЫ КӨЗ ТАРТАДЫ

Көпшілікке арналған концерттер, мәдени-рухани шаралар енді көрермен залында өтеді. Өнер орталығының жүрегі сахна екені белгілі. Мың адамға арналған залдың кеңдігін, биіктігін сөзбен айтып жеткізу оңай емес.

Орталықтың ашылу салтанатына орай ұйымдастырылған концерт жоғары деңгейде өтті. Бүгінде өнер орталығында қызу дайындық. Иә, орталық ішіне кіргеннен түрлі аспаптардың үні естіліп, наурыз мерекесіне әзірленіп жатқанының куәсі болдық.

– Астана қаласының 25 жылдығына орай «Сұлу Сырдан – ару Астанаға» атты Қызылорда облысының өнер күндері жоғары деңгейде өтті. Алдағы уақытта халықтың ыстық ықыласы мен қошеметіне бөленген мәдени шара сәуір айында Алматы қаласында да ұйымдастырылады. Мәдениет және өнер, әдебиет өкілдерін қолдау мақсатында өткен жылдан бері тағайындалған «Тұран» сыйлығын табыстау дәстүрге айналады. Жақында жыраулар үйі ашылады деп жоспарлануда. Дайындық қарқынды жүруде, – деді Талғат Мақаш.

Сондай-ақ Сыр өңірінде мәдениет пен өнер саласында көптеген жағымды жаңалық бар. Бұған дейін облыстық филармонияның құрамында ұлт аспаптар оркестрі, камералық оркестр жұмыс істесе, концерттерді көрермен талғамына сай, кәсіби әрі жанды дауыста ұсыну үшін тұңғыш рет симфония оркестрі құрылды. Облыстың мәдениет мекемелерінің мамандары Италия, Беларусь елдерінде біліктілігін арттырды. Алдағы уақытта Еуропадағы белгілі концерттік залдардың озық тәжірибелері енгізілмек.

ЕЛДІҢ БАҒАСЫ

Орталықтың ашылу салтанатына қатысқандардың бәрі өз ризашылығын білдіріп, зәулім ғимараттың сәулетіне өз пікірлерін әлеуметтік желі арқылы жазған еді. Соның бірі – ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов.

– Өнер дарыған өңірдің тағы бір тынысын танығандай болдық. Облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы осыдан екі жыл бұрын айтылған уәдесінің айқын нәтижесін, сөзі мен ісінің үйлесімін көрсетті. Мың кісілік мүмкіндік енді есігін ашып тұр. Ашығын айтайық, қасиетті Қызылорда несімен ерекше?

Әрине, өнері бөлек. Естеріңізде болса, 2018 жылы Қорқыт ата мұрасын ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұралар тізіміне қосу туралы өтініш бірауыздан мақұлданды. Содан бері Сыр сүлейлері салған соқпақтың ізі одан сайын дүбірлей түсті. Дәстүрлі өнердің тағы таймай, байырғы бастауы биік тұғырға көтерілді.

Ежелден Тұран топырағы талантқа кенде ме еді? Өнер мен мәдениетке қолдау жасап, қамқорлыққа алғанда қалай дами түсетінін тану түйсікті кісіге түсінікті. Әлемде елді таныту үшін үш ғана үміт болса, оның бастауында – өнер мен мәдениет және әдебиет, тарих төрде тұрады. Өнері дамыған өлкеде экономика да, өндіріс те, шаруашылық жұмыстар да өздігінен өрістей беретіні белгілі.

Оның нақты дәлелі ретінде 2023 жылдың тамыз айынан бері Қызылорда облысы республика аумағындағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің негізгі параметрлері бойынша аймақтар арасында алғашқы үштіктен түспей келе жатқанын айтуға болады. Осы құндылықты негізге алған аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев соңғы уақытта өңір өмірін жаңғыртуға жаңаша леп қосты, – деп жазды.

Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов те өнер орталығы туралы өз пікірін білдірді.

– Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың халықтың рухани дамуы мен елдің ажарын келтіретін нысандардың бой көтеруіне тікелей араласуы бір бөлек, ал еңбегі өлшеусіз деп білемін.

«Сыр елі – жыр елі» деген дара сөз бекер айтылмаған. Алашқа ана атанған киелі өңір – небір саңлақтарды өмірге әкеліп, бесігіне бөлеп тербетіп, қыранша қияға ұшырған алтын ұя, қасиетті қоныс мекені. Қазіргі уақытта Сыр мәдениеті мен өнерін дамытуда мәдени қызметтің жаңа тәсілдері мен әдістері уақыт талабына сай түрленіп, мәдени-көпшілік шаралар атқарылуда. Ел игілігіне арналған жаңа ғимарат пен ізгі марапат – игі істер бастауы болып, талай таланттардың тұғырына жол беретініне сенемін, – деді Мәжіліс депутаты.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ

Бұдан былай қала тұрғындары мен сырттан келген меймандар өнер ордасына барып, мәдени-рухани азық алып, бір сәт демалып, концерт тамашалай алады. Өнер орталығының есігі өнерсүйер қауым үшін әрқашан ашық.

ЖЕТІГЕНДЕ ҚАСИЕТ БАР

Аңызға айналған аспап

Жетіген – жеті ішекті дыбысты көне шертпелі аспап. Ұзынша келген жәшік тектес болады. Беті жұқа тақтайшамен жабылып, үн беретін ойықтар салынады. Бұрын 7 ішекті болған және оларға тиек ретінде 7 асық тағылған. Ішектер аттың қылынан тартылып, әуен ырғағын қалпына келтіру үшін асықтар қойылған екен.

Мамандардың айтуынша, бұл аспаптың қазіргі заманда шыққан жаңа түрінде ішектер саны 25-тен асады. Дыбыс көлемі 2-2,5 октаваға дейін жетеді. Барлық ішектеріне құлақ күйін келтіретін арнайы үлкен тиектер тағылады. Тыңдаушыларға жағымды әсер сыйлайтын жетігенді ертеде көк пен жерді байланыстыратын ғажайып қасиетке бай аспап деп, оны тек хан сарайларында, шағын топ алдында ғана ойнаған. Жетіген аспабы түркі тілдес халықтарында кездеседі. Татар халқы «етиган», тыва халқы «жадықан», хақастар «шатқан» деп әр ұлт өз тілінде атаған.

Аңызға келсек, бағзы заманда бір қарттың жеті ұлы болған екен. Ел ішінде бір жылдары қатты жұт болып, көпшілік қауым ашаршылыққа тап болады. Аштықтан жеті ұлы қайтыс болады. Қания есімді үлкен ұлы қайтыс болған кезде кепкен ағаш бөлігін ойын алып, ішек тартып, тиек тағады. Қайтқан тұңғыш ұлына арнап, «Қарағым» күйін шығарады. Қаниядан соң екінші ұлы Төралым қайтқан кезде екінші ішекті тартып, «Қанат сынар» күйін орындайды. Үшінші ұлы Жайкелді өмірден өткенде «Құмарым», төртінші ұлы Бекенге арнап «От сөнер», бесінші ұлы Хауасқа «Бақыт көшті», алтыншы ұлы Жүлзарға «Күн тұтылуы» күйлерін шығарады. Ең кіші ұлы Қияс қайтыс болғанда ақсақал жетінші шекті тартып, «Жеті баламнан айырылып құса болдым» атты күй шығарады. Қайғыдан құса болғана қарт әр күйді орындау барысында әр баласының бейнесін әуен арқылы көрсетеді. Бұл күйлер кеңінен таралып, әрі қарай дамып, «Жетігеннің жеті күйі» не «Жетігеннің жетеуі» деп танылады. Аспап атауы жеті және ән сөздерінен құралып, «жетіген» деп аталған екен.

Басы 1-бетте

Қобыздан басталған өнер

Ал осы күні көнеден жеткен аспапты Гүлдана Берікқызы насихаттап жүр.

– Негізі мен басында ұлттық аспаптардың ішінде қобызды үйренген едім. Бесінші сыныптан бастап Павлодар қаласындағы дарынды балаларға арналған музыкалық колледждің мектеп-интернатында білім алдым. Оны бітірген соң Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжіне оқуға түсіп, әрмен қарай жалғастырдым. Содан кейін Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясында білімімді одан әрі шыңдай түстім.

Студент кезімізде біз қобызды тартып жүрген сәтте басқа топтың ұл-қыздары жетіген аспабында ойнап жүрді. Әрине, сол кездері жетігенді қолыма алып, сәл-пәл үйрендім. Бірақ жетігенді меңгеріп кетемін деп ойламадым. Себебі қолымнан қобызым түспейтін, – деп күлімдеп жауап берді Гүлдана.

Сәбиімді жетіген үнімен әлдиледім

Кейіннен кейіпкеріміз тұрмысқа шығып, ана бақытын сезініп, сәбилі болды. Міне, жетігенге ғашықтық сезім осы сәтте туады.

– Сәбиімді әлдимен ұйықтатқанды жақсы көремін. Сөйтіп, осы әуенді тыңдасам, бәрі жетігенмен айтылады екен. Сол кезде қызығушылық одан сайын оянып, сәбиіме әлдиді жетіген тартумен жеткізгім келді. Сенесіз бе, сол арманым орындалды. Негізі адам баласы алдына бір мақсат қойып, шын қаласа орындалады екен.

Содан бері қолымнан қобызбен бірге жетіген түспейді. Осы кезде жетігенді меңгеріп, тартып жүргеніме үш жылдай уақыт болды. Екі аспап та өзіме қатты ұнайды. Сондай тартымды, екеуін үйреніп, қоса алып жүру оңай емес. Дей тұрғанмен үйренемін деген ниет болса, алып кетеді.

– Екеуінің қайсысын үйренген оңай?

– Жетігенді үйрену қиын емес. Оған тек музыкалық нотаны меңгеруі қажет. Ал қобызды үйрену үшін адамға музыкалық қабілет керек. Музыкалық қабілет болмаса әрмен қарай алып кете алмайды. Бірақ өзіме қазір қиын емес, қобызды бала кезден қолыма алсам, жетігенді кейіннен үйрендім, – деді кейіпкеріміз.

Музыканттар тырнақ өсірмейді

Әңгіме барысында бір байқағанымыз, Гүлдананың тырнақтарының түбі қарайғанын көрдік. Қобыз тартқаннан сондай із қалады екен. Тағы бір қызығы, мұндай аспапта ойнайтындар тырнақ өсірмейді, боямайды. Табиғи қалпында сақтайды.

– Иә, бізге тырнақ бояуға болмайды. Себебі тырнақтағы бояудың өзі қобыздың үнін өзгертіп жібереді. Оған қоса тырнақ өсірмейміз. Өйткені ұзын тырнақпен аспап ойнай алмаймыз, – деді Гүлдана.

Жетігенді таңдағандар да, тартатындар да санаулы

Кейіпкеріміздің бір күндік кестесі өте тығыз. Себебі ол бір жағынан өнер орталығында дайындықта жүрсе, екінші жағынан колледжде студенттерге қобыз және жетіген класынан дәріс береді.

– Білесіз бе, жетігенді қала бойынша тартатындар санаулы ғана. Тіпті мен дәріс беретін колледждің өзінде 4 жыл бойы бір ғана студент жетіген сыныбында оқиды. Негізі жетіген аспабын жұрт енді түсініп келе жатқан секілді. Өйткені осы кезде концерттерге жетігенмен шығуға қызығушылық артып келеді. Айта кету керек, домбырамен жетігенді бірге тартқанда әдемі үйлесім табады.

– Ал тойға жетігенмен шақыратындар бар ма?

– Жеке басым жетігенмен тойға шыққан емеспін. Бірақ қобызбен шықтым. Кей той иелерінің қалауы бойынша тойды қобызден, домбырамен ашқысы келетіндері бар, – деді Гүлдана Берікқызы.

Әңгіме соңында...

Біз әңгіме соңында кейіпкерімізден жетігенмен бір күй орындап беруін сұрадық. Гүлдана 24 ішекті жетігенін алдына жайғастырып, тиектерін реттеп, «Аққу» күйін орындағанда иілген саусақтары аққудың қанатындай елестеді. Ал жетігеннен шыққан күйдің үні бір керемет, айтып жеткізе алмаспыз, сірә... Расында, жетігенге ғашық болмау мүмкін емес. Күйден керемет әсер алған біз Гүлданаға алғысымызды айтып, өнер жолына сәттілік тіледік.

Бетті дайындаған
Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ЕРТЕ ТҰРАТЫН АУЫЛ

Облыс орталығынан таяқ тастам жердегі Ақсуат ауылдық округі жыл санап жаңарып келеді. Күн өткен сайын халық саны да артқан ауылдың бүгінгі жағдайы көңіл қуантарлықтай. Кәсібі өркен жайып, шаруасы шалқып тұр. Елді мекенде тіпті кәдімгі шұлық шығаратын кәсіпорын да ашылған. Мемлекеттік бағдарламалардың бұл ауылда орындалу қарқыны жоғары.

Береке мен бірліктің, ырыс пен ынтымақтың ұясындай болған алтын бесік ауылда қай кезде де еңбек еткеннің маңдайы жарқырайды. Түтіні түзу ұшқан Ақсуаттың тыныс-тіршілігін көзбен көріп, көңілге түйіп қайттық.

АТАКӘСІПТІ ТҮЛЕТКЕН ЖІГІТ

Ауыл тұрғыны Асылхан Исмаилов бірнеше жылдан бері жылқы бордақылау ісімен айналысады. Жерлестерін табиғи, таза жылқы етімен қамтамасыз етіп келеді. Біз барғанда мал қораны тазалап, маңдайы терлеп, еңбектеніп жатыр екен. Қолын кеудесіне қойып, «ассалаумағалейкүм» деді де, жөн сұрады.

– Негізі бір уақыттары мұнай компаниясында жұмыс істеп жүріп, қысқартуға іліктім. Жаңа қадам бастау керек болды. Көп ойланбадым. Ет бағытында жылқы бағып, халыққа табиғи таза өнім ұсынсам, ол да бір үлкен сауап әрі кәсіп боларын ойладым. Мемлекеттік бағдарлама арқылы несие алып, несібемді арттырып келемін, – деп сөз бастаған кәсіпкер малдың жайын айтып, әңгімесін қайта жалғады. – Шынымды айтсам, қазір жергілікті жылқыдан гөрі солтүстіктің және батыстың малы салмаққа жақсы. Сондықтан сол жақтан алдыруға тырысамыз. Қазір жем бағасы түсті, оған сай ет бағасы да қалтаға қонымды.

Асылхан бүгінде елге мал бағумен танылып үлгерді. Жылқы етін іздегендер өздері хабарласып, таза, әрі шаруаның өзінен тікелей алуды үйренді. Кәсіпті ашып, өнімді өткізу жағын реттей алмай жатқандардың қасында кәсіпті дөңгелетіп әкеткен оның өзіндік ұстанымы бар.

– Біздің өнімдер ауыл халқынан ауыспайды. Халықтың ойынан шығатын сапаға қол жеткізіп, жылқыны уақытылы семіртіп отырамыз. Бұл – ғылым. Әр күнің ізденіспен өтеді. Жем-шөбінің көлемі, құрамы, бордақыда тұратын уақыты, егер ауыра қалса, оны қалай емдеу керегі – мұның барлығы үлкен ғылым. Еңбектенсең, жемісін жейсің. Жалқаулық танытсаң, омақаса құлайсың. Сондықтан жылқы бағу – еңбекқордың кәсібі, – дейді Асылхан өз тәжірибесімен бөлісіп.

Ол таң азаннан қара кешке дейін қорада жүріп, тірлігін реттеуде. Жылқы жануарының тілін тауып, бабын таба білген кәсіпкер алдағы уақытта да кәсібін одан әрі дамытуды мақсат еткен.

ҚАЛАНЫҢ ҚЫЗЫ АУЫЛҒА ҚАЛАЙ ҮЙРЕНДІ?

Дүйсеновтер әулетінің шаңырағынан ақ үзілмейді. Мал шаруашылығын қолға алған отбасы Қамбар ата төлін көбейтумен айналысады. Мемлекеттік бағдарлама аясында несие алып, жылқы шаруашылығын өркендетіп келеді.

Аядай ғана шаңырақ. Басына орамал таққан келін Жібек Сәдуақасова үйінен жүгіре шығып, сәлем салып жатыр. Қазақы қалпын сақтаған, берекелі отбасы екені көрініп-ақ тұр. Қолына шелегін ұстаған күйі:

– Үйге кіре беріңіздер, үлкендер үйде. Сиыр сауатын уақыт болып еді, – деп, мал қорға беттеді.

Біз үйге кірмес бұрын ауылдағы қайнаған тіршілік қазанындағы берекелі кәсіпті көргіміз келген. Келіннің ізінен ере сауынға беттедік.

– Абайлаңыздар, – біздің сиырлар менен басқа адамды қорға кіргізбейді. Бұзауларын қызғанғаны шығар, – деді біздің таңданысымызға мән берместен.

Кәдімгі албар. Ноқталанған қос бұзау құйрығын аспанға көтере шапқылап жүр. Бір кезде қара сиыр бас көтерді. Алдындағы астауға салынған жемнен басын алып, бізге қарай бір-екі қадам басып еді, ауылда малдың ортасында өскен біз де состиып тұрып қалдық. Апырмай, мұндай да болады екен. Мал екеш малдың өзі иесінен басқаны қораға аттап бастырмағанына аң-таң боп қалдық. Бір уақытта сиырын сауып болып, сары күшігі соңынан қалмай ере шыққан келін сыртта күтіп тұрған бізге қарай беттеді. Үрпиісіп қалғанымызға ұялып қалса керек.

– Үйде сиырды тек мен ғана сауамын. Басқаларды қораның есігінен сығалатпайды. Ана екіншісі мүлдем асау. Сондықтан оны арғы қораға байлап қойғанмын. Тұрмысқа шыққан соң жолдасыма сиыр әперуін өтінген едім, көктем шыға он сиырға дейін сауамын, – дейді өзінің де шағын кәсібінен хабардар етіп.

Ауылдың жігітіне тұрмысқа шығып алып, оны мұрнынан сүйреп қалаға тартатын келіндер ойға оралды. Ауылда қалып, еңбек ететіндер санаулы-ақ. Бірақ осы тілегімізді де жасырмай айтқанымызда ол да үнсіз қалмады.

– Ауыл – береке мен молшылықтың мекені. Қазақтың қарашаңырағы деп ерекше бағалаймыз. Ауылда тұрып, мал ұстамайтындар да болады ғой. Әйтеуір, азықтүлігің табиғи, ешқандай қоспасыз. Балалардан артылған ағарғанды жұмысқа ала барамын. Қазір сүтке де, құртқа да, қатыққа да сұраныс жоғары. Жұртшылық қазір дәріленген химикаттарға қарағанда табиғи тағамдарды іздеп жүріп алады. Рас, мал ұстаған соң бейнеті де бар. Бірақ сол қиындығына қарамастан еңбек етсеңіз, Құдай несібені маңдай теріңе сай бұйыртады, – дейді ауылдың келіні.

Қазақтың әрбір қызы да, келіні де осындай болсыншы дедік іштей. Туған жерге туын тігетін әрбір қазақ баласына осындай жар бұйырсын. Қазақтың «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» деген керемет сөзі ойға оралып, бір сәт серпіліп қалдық.

«Апталықпын» коллажы

«МЕРУЕРТ» ТОРТЫ АҚСУАТТА ЖАСАЛАДЫ

Дүкен сөрелеріндегі «Меруерт» тортын жеген боларсыз. Осы тәттілердің Ақсуаттан шығатынын білетін бе едіңіз?! Біз білмеппіз. Дәмі тіл үйірер осы тәттілерді талай дастарханнан көрдік. Тамсана айтып жүргендердің де қарасы қалың. «Меруерт» тәттілері 2020 жылы нарыққа енді. Міне, содан бері ауқымын кеңейткен кәсіпорын бүгінде күніге 700-800, ал мереке күндері тіпті мыңнан аса тортты дайындап, тұтынушыға ұсынады. Көкжиегі кеңейген кәсіп иелері осы күні Жаңақорған мен Қармақшы аудандарының аралығын тәттімен қамтамасыз етіп отыр. Қазір нарықтан өз орнын тауып, танымал болған «Меруерт» тәтті тортына басқа облыстардан да қызығушылық танытатындар қатары аз емес.

– Біз жұмысымызды 2020 жылы наурыз айында болған бастадық. Алдымен ауладағы кішкене сарайда торт пісірдік. Келіншегімнің хоббиі еді. Меруерт – үлкен қызымның есімі, – дейді Нұрғали Келдібайұлы тіл үйірер тәттілер жайлы айтып. – Карантин басталып кеткенде көп кәсіп тоқтады ғой, енді бірі бағытын ауыстырды. Біз ауылдың «Whatsapp» топтарына жарнамамызды таратып, тұтынушы тауып отырдық. Жұмыстан кейін келіншегім екеуміз аралап жүріп, таратамыз. Кейін осы аумақтағы Ж.Махамбетов, Наурыз елді мекендерінің дүкендерінен тапсырыс келе бастады. Тапсырыс көлемі артты. Кейін қалаға шықтық, әрі қарай аудандарға танылдық.

Бүгінде ісі оңға басқан кәсіпорын қызметкерлеріне жайлы жағдай жасап қойған. Бір үйдің баласындай болып, мұнда 30 шақты адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Оның барлығы дерлік – ақсуаттықтар. Осыдан 2 жыл бұрын «Еңбек» бағдарламасымен 585 мың теңге грант ұтып алып, оған құрал-жабдықтар алған меруерттіктер қазір үлкен ауқымда жұмыс істеп жатыр.

Нұрғали Келдібайұлы ғимаратты жалға алып отырғанын жеткізді. Алдағы уақытта өз алдына жеке ғимаратқа көшуді ойлап жүр. Алдағы уақытта кәсіпті дамытпақ ниетте.

ШҰЛЫҚ ТА ШЫҒАДЫ

Жапсырма қағазында «Ақсуат» деп жазылған шұлықтарды бұл күнде халық тұтына бастады. Иә, «қай Ақсуат?» деп жүрмеңіз, біздің Ақмешіттің іргесінен қоныс тепкен Ақсуат ауылдық округі. Жақында шұлық шығаратын шағын цех ашып, отбасылық кәсіптің шымылдығын түрді.

Шағын үйдің ауласында кісі айналарлық қана бөлменің өзінен күніге 200-300 жұп шұлық шығып жатыр. Иә, қазіргі өндіріс дамыған. Шынашақтай нәрседен шыңға бастар даңғылға тап боласыз. Осы аядай бөлменің ішінде Сәрсенкүл Аралбаеваның жақында ғана ашқан кәсібі дөңгеленуде. Баласы мен жолдасы – көмекшілері.

– Келіншегім аяқастынан жұлдыз болып кетті. Бұлай боларын кім ойлаған? – дейді бізді қарсы алған отағасы күліп.

Ұлы мен жолдасы станоктардың тілін біледі. Сырттан келген мамандар бір ай арнайылап оқытыпты. Бүгінде техниканы бір адамдай меңгеріп алған олар жұмысты жүйелі жүргізуде.

– Шұлық шығарамыз деп ойлаған жоқпыз. Әдепкіде ауыл әкімдігінің қызметкерлері халыққа «Ауыл аманаты» бағдарламасы жайлы түсіндірді. Жеңілдетілген несие болған соң әкімшіліктегі жиынға мал шаруашылығымен айналысамыз деп барғанбыз. «Бақсақ бақа екен» демекші, ол несие өндірісті дамытуға беріледі екен. Отбасымызбен ойласа келе, шұлық шығарамыз деп шештік. Құдайға шүкір, жұмыс жүріп жатыр, өнім сатылуда. Зерттеп көргенімізде Қазақстан бойынша шұлық шығаратын бірнеше кәсіпорын ғана бар екен. Үшеуі болса, төртіншісі – біз. Бұл нарықта әлі де бос орын бар деген сөз. Білекті түрдік те, іске кірісіп кеттік, – дейді Сәрсенкүл Аралбаева.

Бүгінде Ақсуаттан шыққан шұлық «Сұлтан» сауда орталығында сатылуда. Өткізу жағын жолға қойған кәсіпкер шикізатты да өзі барып әкелмекші. Әрине, біреуден алып, екіншіге сатуды үйренген қоғамда өнім өндірудің қаншалықты қиын екенін білетіндер аз. Тәуекел деген жел қайыққа міне кетуге көбінің жігері жете бермейді.

– Шикізатты сырттан тапсырыс беріп, алдырып жүргенбіз. Енді өзіміз барсақ деп отырмыз. Өйткені әрбір заттың сапасы ерекше рөл ойнайды, оған баса мән береміз. Ал сапалы дүние шығару үшін шикізатыңыз да талай сыннан сүрінбей өту керек. Біздің өңірге өндірісті дамыту керегіне көз жеткіздік. Тіпті мына жапсырма қағазды да Алматыдан істетіп алдырдым. Енді шұлықты қаптайтын өндіріс бізде болмай тұр. Алдағы уақытта оны да іске қосу ойда бар, – дейді кәсіпкер.

ҚЫСТЫ ЖАЗҒА АЙНАЛДЫРЫП...

Қылышын сүйретіп, қаһарлы қыс келсе де Ақсуаттың халқы балғын қиярды сабағынан үзіп алып, жеп отырады. Бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан «ҚазАгроМир» ЖШС мекемесінің жылыжайы бұған дейін де аймақ халқын жыл бойы көкөніспен қамтамасыз етуде үлгі болып келеді. Жылыжай бес жылға жуық уақыт ішінде үздіксіз жұмыс істеуде. Екі гектардан аса жер көлеміне орналасқан жылыжай биылғы алғашқы өнімді жинай бастады.

– Мына өздеріңіз көріп тұрған қияр – желтоқсан айында еккен дәніміздің жемісі. Биылғы өнім, Аллаға шүкір жақсы шықты. Бір айдың шамасы болды, терім жұмыстары қарқынды жүруде. Қала аумағындағы көп дүкенді қамтамасыз етіп отырмыз. Осы күні отыз шақты адам жұмыс істейді. Олардың дені – жергілікті тұрғындар, – дейді жылыжай бригадирі Ерлан Орынбаев.

Айта кетейік, бұл нысан аймақтағы алғашқы өндірістік жылыжай саналады. Испан технологиясы бойынша жұмыс істейді. Барлық жұмыс автоматтандырылған.

Бұл – елді мекендегі жалғыз жылыжай емес. Жыл басынан бері «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы Ақсуаттан тағы екі жылыжай бой көтерді. Бұл бағыттағы кәсіпкерлер алғашқы өнімін тұтынушыларға ұсынып үлгерді. Солардың бірі – Алма Смаилова.

– Ашқанымызға бір айдан енді ғана асып жатыр. Өнімімізді өткізіп жатырмыз. Кәсіп бастап жатқанымызда Құдайдың да қарасқаны шығар, «көгілдір отынға» қосылып, көп бейнеттен арылдық. Бұрын от жағып, ерте көктемнен көшет шығарып бастайтынбыз. Қазақ «қолы қимылдағанның аузы жыбырлайды» деп, бекер айтпаса керек-ті. Бейнеттенсең, жемісін жейсің. Әрі демаласың, әрі өнімін көрген сайын еңбектенуге ықыласың да арта түседі. «Көз – қорқақ, қол – батыр» дедік те, білек туре кірісіп кеттік қой. Балам Нұрғазының бастамасы, мен – көмекшімін. Енді берекесін берсін деп әрекет етіп жатырмыз, – дейді А.Смаилова.

«Елде болса, ерінге тиеді» деп, ақсуаттықтар осылай ақ қарлы маусымда сабағынан жаңа үзілген қиярдың дәмін татуда. Бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасын таба түсетіні анық.

ДАҢҒЫЛ ЖОЛДЫҢ БОЙЫНДА...

Елді мекен бірнеше ауылды жалғайтын экономикалық тиімді аймақта орналасқан. Сырдария ауданына қарасты Бесарық, Қоғалыкөл ауылдарының халқы облыс орталығына осы ауыл арқылы қатынайды. Ал екінші басында Батыс Қытай – Батыс Еуропа халықаралық автодәлізі орналасқан. Сондықтан ең әуелі кәсіпкерлігінің көш бастауына сеп. Жол бойы қызмет көрсету нысандары мен сауда орындары көп орналасқан. Бұл ауыл әлеуетін көтеруге маңызы зор болатыны анық. Жол бойында жұмыс істеп тұрған дүкендердің бірі – «Көркем» сауда орны. Бүгінде кісі аяғы арылмайтын сауда нүктесі ауқымын кеңейтіп, қосалқы сауда орнын да ашып қойыпты.

– Адамды жаратқан Құдай несібесіз қалдырмайды. Қандай да бір істі бастасаңыз, оны ары қарай дамыту үшін төккен теріңіз міндетті түрде ақталады. Бастысы, адал еңбек ету керек. Бұрынырақ та дүкеніміз болатын, міне жаңартып, үлкейтіп, кәсіптің бойына қан жүгіртіп жатырмыз. Көкөністерге арналған екінші қосымша дүкенді де ашып қойдық. Бастысы, халыққа қызмет, – дейді кәсіпкер Гүлмира Дүйсенбайқызы.

ТҮЙІН

Қала іргесінде тұрса да қазақы болмыстан ажырамай, ұлттық құндылықтарды сақтай білген елді мекеннен шығып барамыз. Құрылыс материалдарынан бастап, қажеттің бәрін табатын құрылыс дүкеніне дейін бар екен. Әкім жетістіктерін тағы бір мәрте жіпке тізгендей айтты да «Біздің ауыл осындай...» деді күлімсірей. Мақтауға да, мақтануға да тұрарлықтай...

Дәулет ҚЫРДАН

Басы 1-бетте

BBC NEWS

КӨКТЕН ЖАУҒАН КӨМЕК

«БҰҰ мәліметінше әуе арқылы көмек беру тиімді емес секілді. Себебі қатер көп. Мысалы, 3-наурыз күні ұшақтан тастаған жүктің астында қалып, 110 бейбіт тұрғын қаза тапты. Мұндай жағдай жүк тасымалы арқылы азық-түлік жеткізуге итермелеуде.

2023 жылдың 10 қазанынан 2024 жылдың 1 ақпаны аралығында Газа секторына күніне 95 жүк көлігі кірген. Ал соғысқа дейін күніне 500-ге жуық коммерциялық және гуманитарлық жүк көлігі қатынайтын. Бүгінде шекарада бақылау күшейді, көлікте апталап тұрған азық жарамсыз бола бастады. Сондықтан балама жол іздеу орынды. Алайда халықаралық ұйымдар әуе жүк тасымалын қолдану соңғы нұсқа болуы керек деген пікірде. Оны күнделікті қолдану тиімсіз», – дейді Ниам Кеннеди.

Әуе кемесін пайдаланудың екінші олқылығы – шығын. Яғни ұшақпен әрі-бері жүру жүк көлігінің шығынына қарағанда көп. Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасының мәліметінше, әуемен жеткізу құрлық тасымалынан жеті есе қымбат. Оған қоса БҰҰ дерегіне сенсек, бір жүк көлігі ұшаққа қарағанда 10 есе көп зат тасымалдай алады.

«Сарапшылар жүктің жерге жеткеннен кейінгі функциясы жетілмегенін айтуда. Яғни оның қауіпсіз түсуі, адамдардың тиімді бөлісуі үшін ешқандай жол жоқ. БҰҰ-ның азық-түлік жеткізу өкілі Майкл Факридің сөзінше, әуемен жеткізілген әрбір көмек шарасы хаоспен бітеді. Себебі аш халық бір-бірін тыңдамайды әрі тамаққа қол жеткізу үшін жан-жағын жайпауға бар. Бұл ретте қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүмкін емес. Мұндай қарбаласқа көмек берген тарап кінәлі деген пікірде», – дейді тілші.

Автор сөзінен аңғарғанымыз, қазіргі таңда құрлық арқылы Газаға көмек жіберудің екі жолы бар. Бірі Израиль жеріндегі Керем Шалом бақылау пункті болса, екіншісі Мысыр тарапындағы шекара қақпасы. CNN зерттеуіне сәйкес, қос тарапта қатаң бақылау бар. Әрбір тауарды қайтара тексеріп, күдікті әрі соғысқа қолдануы мүмкін затты кері қайтаруда. Израиль билігі гуманитарлық көмектің жетуіне кедергі келтірмегенін айтқанымен, тәуелсіз сарапшылар жалған деп пікір білдірген.

«Бұл логистикалық мәселе емес, саяси кедергі. АҚШ балама жол іздегенше шекарадағы тексерісті жеңілдетуді талап етуі қажет. Ол үшін Израильге талап қойып, бақылау пунктіндегі тексерісті БҰҰ өкілдігіне тапсырса жеткілікті. Мұндай ұсынысты MSF директоры Аврил Бенуа айтты. Демек, оқиға әлі де шиеленісуі ықтимал», – дейді автор.

Мұсылман үшін қаситетті рамазан айы келді. Әлемдік қауымдастықтар мен саясаткерлер қос тараппен келісім жасап, ораза айында соғыс қимылын тоқтатуға үндейтін келіссөз жүргізуде. Мысалы, АҚШ вице-президенті Камала Харрис дүйсенбіде Израильдің әскери өкілі Бенни Ганцеммен жолығып, уақытша бітім туралы ұсынысын жеткізді. Байден де діни мерекеде тыныштық орнатуға шақырған болатын.

Израиль билігі бұл идеяға еш үн қоспай, қақтығысты жалғастыруға ниетті екенін білдіруде. Оған қоса ел ішіндегі мыңдаған израильдіктер ХАМАС қамауындағы кепілге түскен 134 адамды босатуды талап етіп отыр.

Ақ үй ХАМАС-қа да талап қойған еді. Кепілдегі әйелдер мен егде жастағы азаматтарды босатып, уақытша бітім ұсынды. Президенттің қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Джейк Салливан «алты апталық бітім» туралы ХАМАС тобына жеткізгенін мәлімдегенін білеміз. Десе де Газа секторында әлі де соғыс жүруде.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған

Ерсін ШАМШАДИН

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, бетделіп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2973 **Тапсырыс №435**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА